

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені

Мамандығы: Заңтану

Шифр: 6M030100

Пән: Судьяның құқықтық мәртебесі

СӨЖ тапсырмалары

Апта	Тақырыптың аталуы	Сағат саны	Бағасы
1.	1 СӨЖ. Қазақстан Республикасы сот жүйесінің даму тарихы. Тұлғалық-бағдарлық. Тапсыру нысаны: реферат және оның көпшіліктің алдында ауышша қорғау	3 апта	15 балл
2.	2 СӨЖ. Судья әдебінің кодексі. Тұлғалық-бағдарлық Тапсыру нысаны: ауызша	5 апта	15 балл
3.	3 СӨЖ. Менің қылмыстық процесте адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудегі соттың ролі туралы ой-пікірім. Тұлғалық-бағдарлық Тапсыру нысаны: эссе жазу	7 апта	15 балл
4.	4 СӨЖ. Судьялар әдебі жөніндегі Комиссия. Тұлғалық-бағдарлық Тапсыру нысаны: ауызша	9 апта	15 балл
5.	5 СӨЖ. Бұлтартпау шараларын қолданудағы сот өкілеттігі. Тұлғалық-бағдарлық Тапсыру нысаны: ауызша	12 апта	15 балл
6.	6 СӨЖ. Шет елдердегі сот қызметін жетілдіруге бағытталған реформалар. Тұлғалық-бағдарлық. Тапсыру нысаны: презентация жасау	14 апта	15 балл
БАРЛЫҒЫ:			
	1 АБ+2АБ		200
	Емтихан		100
	Midterm exam.		100
	Барлығы		400

СӨЖ тапсырмалары және оларды орындау үшін әдістемелік нұсқаулар

СӨЖ тапсырмаларына қойылатын талаптар:

Студенттер СӨЖ тапсырмалары силлабуста белгіленген тақырыптар бойынша жазбаша нысанда дайындалады. Студент тарапынан дайындалған СӨЖ оқытушының офис сағантарында қорғайды. Қорғау кезінде тақырыпты қысқаша түсіндіреді және сол тақырыпқа байланысты оқытушы тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беруі талап етіледі.

СӨЖ туралы талаптар:

Тақырыптың негізіне кірмес бұрын студент СӨЖ тақырыбына кіріспе жасайды. Кіріспеде тақырыптың қысқаша тарихына тоқталады, құқықтағы орны мен маңызы қарастырылады. Осыдан кейін негізіне тоқталады. Осы бөлімде тақырыпты жан жақты ашуға тырысады. Осы тақырыпқа байланысты ғылыми пікірлер, тәжірибеге тоқталады. Жұмыста студент тақырып шеңберінде еңбекте қаралған сұрақтарды көрсетіп автордың субъективті

позициясын ашуға тиісті. Осыдан кейін барып өзіндік қорытынды жасалады. Қорытынды да тақырыпқа байланысты өзіндік тұжырым, түйіндемелер жасалады.

Студенттер СӨЖ жазу барысында жұмыс бағдарламасында сонымен қатар силлабустарда көрсетілген әдебиеттерді пайдалана алады. Жұмыстың көлеміне байланысты шектеулер жоқ, бірақ тақырыпты жеткілікті дәрежеде ашуы тиіс. СӨЖ орындауда жоспары, мазмұны және қолданылған әдебиет тізімі көрсетіледі. Қолданылған әдебиеттер тізімінде, ғылыми еңбектің аталуы, авторы, баспа атауы, шыққан жері мен жылы көрсетіледі.

СӨЖ мақсаты: тақырып шеңберінде жоспарда көрсетілген сұрақтар бойынша негізделген ғылыми және тәжірибелік қорытындыларды шығару.

1-тақырып. Билікті бөлісу теориясы және сот билігі

Билікті бөлісу теориясы. Сот билігінің түсінігі. Сот билігінің бағыттары. Сот билігі және сот әділдігі.

Тапсыру нысаны және мерзімі: реферат (көлемі - 10 беттен кем емес, кемінде 5 қайнар көзді қолдану) - 3-ші апта

Реферат (латынша referat – баяндасын, refero – баяндаймын) – кітап мазмұны, ғылыми жұмыс, ғылыми зерттеу қорытындылары туралы көпшілік алдында қысқаша баяндау, хабарлау; белгілі бір тақырыпта әдеби және басқа да материалдарды шолу негізінде жасалатын баяндама. Реферат ғылыми-ақпараттық сипатта болады. Тақырыпты объективті тұрғыда толық баяндаумен қатар ғылыми қорытындыларға талдау жасалып, сын айтылады. Реферат студенттердің ғылыми ізденіс пен талдауға баулу мақсатында қолданылады.

2-тақырып. Менің қылмыстық процесте адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудегі сотың ролі туралы ой-пікірім

Тапсыру нысаны және мерзімі: эссе (көлемі - 3 беттен кем емес) - 5-ші апта

Эссе философияның, эстетиканың, әдеби сынның, публицистиканың, көркем әдебиеттің тұрақталған, қалыптасқан тұжырымдарға жаңа қырынан қарап, өзінше толғап, әрі дағдыдан, әдеттен, көне соқпақтардан бөлек, тың болжамдар мен түйіндеулерге құрылатын жанры. Заң әдебиетіндегі Эссе – соны пікірлерге көбірек мән беріліп, оқырманды ой теңізінде жүздіретін таңдай қақтыратын, өзінше ойлап-сезіну қажеттілігін туғызатын, қаныңды қыздырып, рухани әлеміңе азық сыйлайтын, дүние құбылыстарын өткір қабылдауымен ерекшеленетін көркем туынды. Эссе табиғаты сыршыл сезімге, тіл бояуларының айрықша салтанатына, әшекейлі композицияға құрылады. Өзгеше бітімді бұл өнер туындысында эссеші интеллектуалдық байлығын, аңғарымпаздығын, жарқын, тапқыр ойлылығын, өмір саяхатындағы көрген-білетін, сезінген-түйгенін, тәжірибелерін жомарттықпен жайып салады. Эссе сипатында туған туындыларға батыл болжамдар мен өткір ұсыныстар, пікір жарыстырулар мен талас тудыратын жорамалдар, ойлар, көкейге қонымды, таным көкжиегін кеңейтуге қозғау саларлық байламдар тән.

3-тақырып. Қылмыстық процесс принциптері

1. Қылмыстық процесс принциптерінің түсінігі
2. Қылмыстық процесс принциптерінің жүйесі

Тапсыру нысаны және мерзімі: коллоквиум – 7-апта

Коллоквиум (*латын. colloquium - «сұхбаттасу»*) – оқу-теориялық дәрістердің түрі, оқытушының жетекшілігімен ауқымды шеңбердегі мәселелерді топ болып талқылаудан тұрады. Мысалы, коллоквиум ретінде лекциялық курстың белгілі бір дербес әрі ірі бөлімі топ болып талқылануы мүмкін.

Коллоквиум әдетте дискуссия нысанында өткізіледі. Коллоквиум барысында студенттерге өз көзқарастарын еркін түрде білдіруге және пікірлерін негіздеуге және қорғауға мүмкіндік жаратылады.

Коллоквиум барысында студент өз пікірін дәйектей отырып, зерттелген материалды қаншалықты терең және жетік игергенін байқатуы керек.

4- тақырып. Судьялардың тәртіптік жауапкершілігі

1. Судьялардың тәртіптік жауапкершілігінің негіздері
2. Судьялардың тәртіптік жауапкершілігінің түрлері
3. Судьялардың тәртіптік жауапкершілігінің тәртібі

Тапсыру нысаны және мерзімі: коллоквиум – 9-апта

Коллоквиум (латын. *colloquium* - «сұхбаттасу») – оқу-теориялық дәрістердің түрі, оқытушының жетекшілігімен ауқымды шеңбердегі мәселелерді топ болып талқылаудан тұрады. Мысалы, коллоквиум ретінде лекциялық курстың белгілі бір дербес әрі ірі бөлімі топ болып талқылануы мүмкін.

Коллоквиум әдетте дискуссия нысанында өткізіледі. Коллоквиум барысында студенттерге өз көзқарастарын еркін түрде білдіруге және пікірлерін негіздеуге және қорғауға мүмкіндік жаратылады.

Коллоквиум барысында студент өз пікірін дәйектей отырып, зерттелген материалды қаншалықты терең және жетік игергенін байқатуы керек.

5-тақырып. Судьяның өкілеттігін тоқтата тұру және судьяның орнынан түсуі. Судьяны қызметтен босату және судьяның өкілеттігін тоқтату.

Тапсыру нысаны және мерзімі: коллоквиум – 12-апта

Коллоквиум (латын. *colloquium* - «сұхбаттасу») – оқу-теориялық дәрістердің түрі, оқытушының жетекшілігімен ауқымды шеңбердегі мәселелерді топ болып талқылаудан тұрады. Мысалы, коллоквиум ретінде лекциялық курстың белгілі бір дербес әрі ірі бөлімі топ болып талқылануы мүмкін.

Коллоквиум әдетте дискуссия нысанында өткізіледі. Коллоквиум барысында студенттерге өз көзқарастарын еркін түрде білдіруге және пікірлерін негіздеуге және қорғауға мүмкіндік жаратылады.

Коллоквиум барысында студент өз пікірін дәйектей отырып, зерттелген материалды қаншалықты терең және жетік игергенін байқатуы керек.

6-тақырып. Шет елдердегі сот қызметін жетілдіруге бағытталған реформалар.

Тапсыру нысаны және мерзімі: баяндама (көлемі – 5 беттен кем емес) – 14-апта

Баяндама.

Баяндаманы әзірлеу жоспары:

- оқытушымен бірге тақырыпты таңдау;
- базалық оқулық пен оқу-әдістемелік құралы бойынша тақырыпты зерттеу;
- баяндаманың негізгі идеяларын айқындау;
- ұсынылған әдебиетпен танысу;
- баяндаманың жоспарын құру;
- тақырып бойынша негізгі ұғымдарымен сөздіктер мен анықтамалықтардың көмегімен танысу;
- баяндаманың тезистерін әзірлеу;
- мысалдар мен иллюстрацияларды табу, көптеген тақырыптар бойынша Power Point бағдарламасында орындалған презентацияны көрсету баяндаманы жақсы әшекейлейді;
- баяндаманың мәтінін дайындау.

Баяндаманың ұсынылатын ұзақтығы – 10 мин.

Баяндаушының сөздерінен кейін аудиторияның сұрақтарына жауап беру және оқытушының тұжырымдамасы үшін уақыт қалдырылады.

Жариялы баяндаманың құрылымы.

Классикалық риторикада ауызша баяндаманың үш бөлімнен тұратын құрылымы қалыптасқан: кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды.

Кіріспе талқыланатын тақырыпқа тыңдаушылардың назарын аудару тәсілі. Әдеттей кіріспе баяндама уақытының сегізден бір бөлігін алады.

Негізгі бөлімінде тақырып толығымен ашылып, тиісті мәліметтер және дәлелдер келтіріледі.

Негізгі бөлімінде жиі жіберілетін қателіктерге жатады:

–тақырыптың шегінен шығып кету;

–нақты жоспардың жоқтығы;

–бір сұрақтан басқа сұраққа секіріп кету.

Қорытынды қысқаша және анық болуға тиіс. Сонымен бірге тыңдаушыларға көңіл аударғандары үшін рахмет айтуға болады.

СӨЖ орындау барысында студенттерге Силлабусте көрсетілген әдебиетті қолдану және қосымша теориялық материалды, нормативті актілерді қолдану, соның ішінде ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларын қолдану ұсынылады.